Клиент (Жолаушы) – тұрақты бағыт бойынша жүретін ЖАТЭЖ жабдығымен жабдықталған электрондық билеттеу жүйесінің қызметтерін алуға шарт немесе жария офертаны жасасу ниеті бар не шарт жасасқан жеке тұлға.

Көлік картасы - Электрондық ақшаны пайдалана отырып жолды тіркеуді және ЖАТЭЖ жабдығымен жабдықталған Тасымалдаушының қоғамдық көлігі жолаушыларын есепке алуды, сондай-ақ көліктік емес төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін микропроцессорлық NFC картасы.

Сәйкестендірілген клиент – Клиенттің (оның заңды өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің электрондық ақшаны пайдалану үшін қажетті Сәйкестендіру Агентінде рәсімнен өту жолымен тұлғасы анықталған тіркелген Клиент. Сәйкестендірілген Клиенттің Электрондық ақшаны пайдалану арқылы жасалған бір операцияның ең жоғары сомасы Электрондық ақшаны қайтару жөніндегі операцияларды қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспауы керек.

Клиентті сәйкестендіру - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің тұлғасын растауды Оператор жүзеге асыратын арнайы рәсім.

Расталған клиент – Көлік картасын беру кезінде тұлғасы расталған және ЖАТЭЖ-ға оның Фамилиясы, Аты, Әкесінің аты және ЖСН енгізілген көлік картасының Пайдаланушысы. Расталған клиенттерге жеңілдіктері бар тарифтері бар көлік карталарының иелері кіреді. "Стандартты" тарифі бар көлік карталары расталмайды.

Расталмаған клиент - Көлік картасын беру кезінде Тұлғасы расталмаған көлік картасының Пайдаланушысы.

NFC – (ағылш. Near field communication, «жақын өріс қатынасы», «жақын түйіспесіз байланыс») — 10 сантиметр қашықтықта орналасқан құрылғылар арасында деректерді алмасуға мүмкіндік беретін

шағын қашықтықтағы сымсыз деректерді табыстау технологиясы.

Билет(тер) - автобус салонында немесе кез-келген басқа қоғамдық көлікте Мобильді терминал арқылы қолма-қол жол ақысын төлеу кезінде клиенттерге берілетін қағаз түріндегі бір реттік жол құжаты.

Электрондық билет - ЖАТЭЖ жүйесімен қалыптастырылатын электрондық түрде бір реттік жолға арналған арнайы коды бар жол құжаты.

Арнайы код - QR-код ретінде белгілі нысан туралы кодталған ақпаратты қамтитын ұялы телефон камерасы немесе 2D сканері оқитын сандық код.

Мобильді терминал - ЖАТЭЖ жабдығының бірыңғай жүйесіне кіретін кондуктор немесе қоғамдық көлік жүргізушісі пайдаланатын және төмендегідей негізгі функцияларды орындауға мүмкіндік беретін, бірақ олармен шектелмей, мамандандырылған мобильді құрылғы: жол ақысын қолма-қол төлеу, көлік картасымен жүру ақысын төлеу.

Тұрақты терминал - қоғамдық көлікте (метродан басқа) және метрополитен станцияларының турникеттерінде, сондай-ақ көлік карталары арқылы жолды тіркеуге және көліктік емес төлемдерді жасауға арналған ЖАТЭЖ жабдығының бірыңғай жүйесіне кіретін ұйымдарда орнатылған мамандандырылған стационарлық құрылғы.

Қоғамдық көлік - метро, автобус(тар), немесе ЖАТЭЖ жабдықталған кез келген басқа қоғамдық көлікте(рде).

Қызмет көрсетушінің сайты - қызмет жеткізушінің ақпараттық ресурсы мына адресі бойынша орналасқан: www.avtobys.kz, <https://t.me/avtobyskz>, <https://www.instagram.com/avtobyskz/>, <https://www.facebook.com/avtobyskz/>

Қызмет(тер) - ЖАТЭЖ жұмысына бағытталған және ЖАТЭЖ-ға байланысты көрсетілетін қызметті берушінің іс-әрекет(тері).

Агенттер - Көліктік емес төлемдерді жасауды және Клиенттерді Сәйкестендіруді қамтамасыз ететін үшінші тұлғалар.

Бақылаушы - Көлік карталарын пайдалана отырып сатып алынған Электрондық билеттерді тексеру үшін, сондай-ақ Көлік карталары, Мобильді қосымша немесе Билеттер арқылы Қоғамдық көлікте жол ақысын және тіркелмеген тұлғаларды анықтау үшін арнайы мобильді қосымшамен (бұдан әрі - АМК) жабдықталған маман.

Көліктік емес төлем - Қоғамдық көлікте тасымалдау қызметімен байланысты емес тауарларды / жұмыстарды / қызметтерді сатып алу мақсатында Көлік картасын қолдана отырып, клиент жасайтын операция. Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары осы Келісім-шарттың 7-бабында айқындалған.

Ұйымдар - Қоғамдық көлікте тасымалдау бойынша қызметтермен байланысты емес клиенттерге тауарларды сатуды, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар.

Электрондық ақша - электрондық түрде сақталатын және Электрондық ақша Жүйесінің қатысушылардың Электрондық ақша Жүйесінде төлем құралы ретінде қабылданатын шығарушы банктің шартсыз және қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.

Innoforce systems Электрондық ақша Жүйесі - Тараптардың Электрондық ақша Жүйесінің Операторымен, Шығарушы банкпен, сондай-ақ Клиенттер мен Ұйымдармен өзара әрекеттесу арқылы Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жиынтығы.

Шығарушы банк - жасалған келісім-шарттардың негізінде Электрондық ақшаны шығаруды/өтеуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк.

Innoforce systems Электрондық ақша Жүйесінің Операторы - Электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және жіберуді қоса алғанда, Innoforce systems Электрондық ақша Жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ Шығарушы банкпен жасалған келісім-шарттарға сәйкес Электрондық ақша Жүйесінің жұмыс істеу ережелерін айқындайтын төлем ұйымы – "Innoforce systems" ЖШС.

Мобильді қолданба – «iOS» және «Android» операциялық жүйелерінің басқаруымен жұмыс істейтін мобильді құрылғыларда клиенттерге қызмет көрсету үшін арналған Avtobys мобильді бағдарламалық қамтамасыз ету.

Жеке кабинет - арнайы қорғаныс құралдарымен қорғалған, клиенттерге Қызмет көрсетушінің Қызметтеріне, Көліктік емес төлемдерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін Мобильді қолданбаның мамандандырылған бөлімі.

Электрондық әмиян - микропроцессор, дербес компьютердің бағдарламалық қамтамасыз етуі, Электрондық ақша сақталатын және/немесе оларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзге бағдарламалық-техникалық құрал.

Бейактив Көлік картасы - Электрондық билеттер сатып алынбаған немесе/және соңғы 12 ай ішінде теңгерімді толтыру бойынша операциялар орындалмаған Көлік картасы.

2.Келісім-шарттың ортақ шарттары

2.1. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жария шарт болып табылады. Осы Келісім-шарттың талаптарын Қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз еркімен белгілейді.2.2. Клиенттің осы Жария шартқа қосылуы және оның талаптарын мойындауы (мәтін Сайтта орналастырылған) Клиент ЖАТЭЖ-ды бірінші пайдаланған сәтте жүзеге асырылады.

2.3. Қызметтер Клиентке осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес ұсынылады.

2.4. Қызметтер туралы ақпарат Қызмет көрсетушінің Сайтында орналастырылуы мүмкін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған құралдармен және тәсілдермен клиенттің(тердің) назарына жеткізілуі мүмкін.

2.5. Клиенттің Көлік картасы ауыстырылған немесе Расталған клиенттің Көлік картасы жоғалған жағдайда ондағы ақшалай қаражат басқа Көлік картасына аударылуы мүмкін, бірақ Клиентке қолма-қол ақшалай қаражат түрінде берілмейді.

2.6. Қызмет көрсетуші Бейактив Көлік карталарын бұғаттауға құқылы.

3. Қоғамдық Көлікте жолды тіркеу тәртібі туралы жалпы ережелер

3.1. Клиенттердің жол ақысын төлеу осы Келісім-шартта белгіленген тәртіппен Электрондық ақшамен не қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады. Электрондық ақша Клиенттердің Электрондық әмияндарында сақталады. Қоғамдық көлікте жолды тіркеу құралы ретінде келесі ерекше қаражат тізбесінің кез келгені пайдаланылады: Көлік картасы, Мобильді қолданба немесе Мобильді терминал, жолды төлеуге қатысты қолма-қол ақшалай қаражат.

3.2. Жолды тіркеуді Клиент өздігінен, автобуска(тарға) кіргенде (мінгенде) немесе кез келген басқа қоғамдық көлікте 3.1. тармағында көрсетілген кез келген құралды қолдана отырып жүзеге асырады. Метрода - метроға кіргенде метро турникеттерінде тек Көлік картасын пайдалану арқылы жүзеге асырады.

3.3. Көлік картасын пайдалану арқылы Қоғамдық көлікте жолды тіркеу және қолма-қол ақшалай қаражатына билет алу:

3.3.1. Көлік картасын пайдалану арқылы Қоғамдық көлікте жолды тіркеу фактісі Мобильді немесе Тұрақты терминалдың жұмыс облысына Көлік картасын (екі секундтан кем емес) Мобильді немесе Тұрақты терминалда жолды сәтті/сәтті емес тіркеу туралы тиісті хабарлама пайда болғанға дейін жолды тіркеу туралы қағаз құжатты берместен басу және ұстап тұру жолымен расталады.

3.3.2. Клиенттің автобуста немесе кез келген өзге қоғамдық көлікте орнатылған Тұрақты терминал арқылы Көлік Картасында қаражат қалдығын өз бетімен тексеруге мүмкіндігі бар.

3.3.3. Көлік картасындағы қаражаттың қалдығын Мобильді терминал арқылы тексеруге болады. Ол үшін Клиент Кондукторға/қоғамдық көлік жүргізушісіне жүгінуі тиіс.

3.3.4. Клиент автобус салонында немесе басқа да қоғамдық көлікте қолма-қол ақшалай қаражат арқылы жол ақысын төлеген жағдайда, жол төлемін тіркеу Кондуктор Клиентке қолма-қол ақшалай қаражат үшін Билет берген кезде автоматты түрде жүргізіледі.

3.3.5. Рұқсат етілген мөлшерден асатын қол жүгін алып жүру ақысын төлеуді Клиент қолма-қол ақшалай қаражатпен Кондукторға/автобус немесе кез келген өзге де қоғамдық көліктің жүргізушісіне төлей арқылы жүзеге асырылады, олар қол жүгін алып жүру ақысын алғаннан кейін Мобильді терминал арқылы Клиентке Билет беруге міндетті, бұл ретте қол жүгін алып жүру ақысын төлеуді тіркеу Клиентке Билет берген кезде автоматты түрде жүргізіледі.

3.4.Мобильді қолданба арқылы жолды тіркеу:

3.4.1. Мобильді қолданба арқылы жолды тіркеу келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- автобустың немесе кез келген өзге қоғамдық көліктің салонында орналастырылған Арнайы кодтар арқылы;
- автобустың немесе кез келген өзге қоғамдық көліктің салонында орнатылған Тұрақты терминалдың дисплейіндегі Арнайы код арқылы.

3.4.2 Арнайы код бойынша жолды тіркеу кезінде Клиентке Мобильді қолданбаны пайдалана отырып, графикалық Арнайы кодты сканерлеу қажет. Сканерлеп болғаннан кейін, жол туралы мәліметтер Мобильді қолданбаның экранында пайда болады, оны «Растау» түймесін басу арқылы тексеру және растау қажет. Сонымен бірге, егер Мобильді қолданбаға банктік карта тіркелсе, Клиент төлем әдісін тандай алады (Мобильді қолданбаның теңгерімі немесе банктік карточканың теңгерімі), ол арқылы жолды тіркеу жүзеге асырылады.

3.4.3. Мобильдік қолданбада жол тіркелгенін растағаннан кейін, төленген Электрондық билет «Менің жолдарым» бөлімінде көрсетіледі.

3.4.4. Мобильді қолданба арқылы жолды тіркеу кезінде Клиент «Растау» батырмасын басу арқылы Мобильді қолданба арқылы жол ақысын төлеу шарттары мен тарифтерімен келіседі және оларды қабылдайды.

3.4.5. Осы келісім-шарт бойынша Клиент Avtobys мобильді қолданбасында тіркелгеннен кейін СМС-хабарлама алуға келіседі.

4. Көлік карталарының түрлері және оларды сатып алу тәртібі

4.1. Қолданылатын Көлік карталарының түрлері мен оларды сатып алу тәртібі Қызмет көрсетуші Оператормен келісе отырып белгіленеді және Клиенттерге қосымша хабарланады.

4.2. Клиент біреуден артық Көлік картасын сатып алуға құқылы (тек "Стандартты" тарифімен). Әрбір Көлік картасын ашқан кезде Клиентке Innoforce systems электрондық ақша Жүйесінде жеке фондық Электрондық әмиян жасалады.

4.3. Көлік картасы ұрланған/жоғалған жағдайда, тек расталған Клиент осы картадағы қаражатты сол Клиентке тиесілі басқа жарамды Көлік картасына аудара алады. Ол үшін Клиент Оператордың кеңсесіне жеке келіп, тиісті өтініш беріп, жеке куәліктің түпнұсқасын ұсынуы керек.

5. Қоғамдық көлікте жолды тіркеу, төлемді тексеру тәртібі

5.1. Қолма-қол ақша, Көлік карталары немесе Мобильді қолданба арқылы автобуста(тарда) немесе кез келген өзге қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуін, тіркелуін бақылауды Бақылаушы жүзеге асырады. Клиенттің(тердің) Көлік картасын тексеру үшін Бақылаушы АМҚ қолданады. Мобильді қолданба арқылы төлеген кезде Бақылаушы Клиенттің Электрондық билетін Мобильді қолданбада тексереді.

5.2. Көлік карталарын тексеру үшін Бақылаушы АМҚ арқылы Клиенттің Көлік картасының Арнайы кодын сканерлейді.

5.3. Егер Көлік картасы тексерілген рейс кезінде жолды тіркеген болса, Клиент өз жолын тіркеген деп анықталады. АМҚ ұялы телефонның дисплейінде соңғы сатып алынған билет туралы ақпаратты көрсетеді. Егер Бақылаушының ұялы телефонының дисплейінде көрсетілген ақпарат осы рейске сәйкес келсе, онда бақылау жүргізілді.

5.4. Егер Клиенттің Көлік картасы бойынша соңғы жол тіркеу тексерілетін рейсте немесе басқа көлік құралында жүргізілген болса, АМҚ Клиент өз жолын тіркемегені туралы тиісті хабарлама көрсетеді.

5.5. Автобуста(тарда) немесе кез келген өзге де қоғамдық көлікте жол ақысын төлемеген және тіркемеген және жол жүру ақысын төлегісі келмеген адамдарға жергілікті полиция қызметкерлері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 622 - бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық рәсімдейді (қоғамдық көлікте жол жүргені үшін ақы төлеуден жалтару – екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады).

5.6 Жолаушыларды билетсіз тасымалдауды саналы түрде жүзеге асырған автобустың(тардың) немесе кез келген өзге де қоғамдық көліктің жүргізушілеріне көлік және коммуникация саласындағы аумақтық органның қызметкерлері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 623-бабының 3 тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықты рәсімдейді (трамвайда, троллейбуста, қалалық және қала маңына қатынайтын автобуста және маршруттық таксиде – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады).

6. Клиент міндетті:

6.1. Көлік картасындағы ақшалай қаражаттың қалдығын өз бетімен бақылау.

6.2. Лотереяларды, дауыс беруді, викториналарды, жарнаманы таратуды, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарын, байланыс жабдықтары мен құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін бұзуға әкеп соғатын басқа да іс-әрекеттерді ұйымдастыру және өткізу үшін Көлік картасын пайдаланбау.

6.3. Көлік картасының ақауы анықталған жағдайда Көлік картасын ауыстыру үшін жүгіну.

6.4. Оператордың кеңсесіне(леріне) жүгінген кезде талап ету бойынша жеке басын куәландыратын құжатты және Операторға қажетті өзге де құжаттарды көрсету.

6.5. Көлік картасын сақтау үшін толық жауапты болу.

6.6. Қызмет көрсетушінің ресми Сайтында жарияланған жаңалықтарды, өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ жүйенің ақаулықтары туралы хабарламаларды қадағалау.

7. Көліктік емес төлемдерді жасау тәртібі туралы жалпы ережелер

7.1. Көліктік емес төлемдерді жүргізуді Қызмет көрсетушінің Агенті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Innoforce systems Электрондық ақша жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

7.2. Көліктік емес төлемдерді жүргізуді Клиент Мобильді қолданба арқылы және (немесе) төлемдерді қабылдаудың басқа электрондық құралдарының көмегімен жүзеге асырады.

7.3. Клиент осы Келісім-шарттың 7.2-тармақта көрсетілген нақты әрекеттер жасай отырып, бір мезгілде мынадай заңды маңызды іс-әрекеттерді жасайды:

- 1) Қызмет көрсетуші Агентінің жария шартның талаптарын сөзсіз акцептеу жолымен Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыру бойынша талаптарымен келіседі;
- 2) Клиент таңдаған Ұйыммен тауарды сатып алуға, жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге шарт жасайды;
- 3) Қызмет көрсетушіге Агентке оның Электрондық әмиянынан Клиенттің Электрондық әмиянына Клиент жүргізген Көліктік емес төлемі бойынша төлеген ақшаны Агентке қайтаруды тапсырады;
- 4) көрсетілген қызметтер/жұмыстар үшін тарифтердің, комиссиялардың, сыйақылардың және басқа шығындардың атауларымен, түрлері мен мөлшерімен сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді.

7.4. Ұйымның тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін Клиент Көлік картасының шотына алдын ала енгізген ақша сомасы шегінде Көлік картасын пайдалана отырып төлей алады.

7.5. Көліктік емес төлемдерді жүзеге асырудың ерекшеліктері, тәртібі мен шарттары Агенттің Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған жария шарттың талаптарымен реттеледі.

8. INNOFORCE SYSTEMS ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЙЫЛҒАН ШЕКТЕУЛЕР

8.1. Клиенттің Мәртебесіне байланысты Innoforce systems жүйесінде келесі шектеулер қолданылады:

8.1.1 Клиенттің бір жолғы төлемінің немесе электрондық ақша аударымының сомасы:

- Клиенттер үшін - 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспау керек;

8.1.2. Клиенттің бір электронды құрылғысында сақталған электрондық ақшаның мөлшері 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Осы Келісім-шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

9.2. Қызмет жеткізуші

9.2.1 Клиентті(терді) қоғамдық көлікте тасымалдауы үшін;

9.2.2. Клиенттің кездейсоқ, жанама залалмен, оның ішінде шектеусіз, осы жария шартының 6- тармағының орындамауы, іскерлік қызметті тоқтатуы және қызметтерді пайдалану нәтижесінде туындаған басқа да материалдық шығындар нәтижесінде пайда болған Клиенттің шығындарымен байланысты мүмкін шығындары (жоғалған пайда) үшін;

9.2.3. Тасымалдаушының(лардың) жұмысын тоқтатқаны, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері үшін, сондай-ақ осы Келісім-шарттың талаптарын Қызмет жеткізушісінің бақылауынан тыс себептермен туындаған, оның ішінде еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор), бірақ олармен шектелмеген: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, толқулар және төңкерістер, қарақшылық әрекеттері, қасақылықтар, табиғи апаттар, дауылдар, циклондар, қатты желдер, жер сілкіністері, цунами, су тасқыны, найзағай, жарылыстар, өрттер, байланыс желілеріндегі авариялар/сәтсіздіктер, ғимараттардың, құрылыстардың және кез келген қондырғылардың, желілердің, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, заңнамалық актілердің ережелері, осы Келісім-шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың әрекеттерін қоса алғанда;

9.2.4. үшінші тұлғалардың ЖАТЭЖ-ды зақымдануы немесе тиісінше пайдаланылмауы салдарынан Қызметтердің ықтимал нашарлауы/ұсынылмауы үшін;

9.2.5. кез келген ақпарат түрін таратқаны және үшінші тұлғалар Клиентке(терге) келтірген кез келген зиян үшін;

9.2.6. Клиентке кеңес беруден (ауызша және/немесе жазбаша) туындаған Клиент үшін ықтимал жағымсыз салдарлар үшін;

9.2.7. Клиенттің жеке болжамдарына және оның субъективті бағаларына сәйкес келмегені үшін.

9.2.8. Клиент немесе оның атынан Жеке кабинет, Мобильді қолданба, Ұйымдарда орнатылған Терминалдар және (немесе) төлемдерді қабылдау/төлеудің басқа электрондық құралдары арқылы жасаған іс-әрекеттері үшін.

9.2.9. Клиенттің осы Келісім-шарттың талаптарын орындамауына байланысты туындаған клиенттің шығындары үшін жауапты емес. заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылуы мүмкін.

9.3. Клиент толық жауапты:

9.3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамдық көлікте жолды тіркеуді жүзеге асырмағаны және/немесе жол ақысын төлемегені және/немесе уақытында төлемегені үшін;

9.3.2. Көлік картасын бұзу (бұзу әрекеті), Көлік картасының, банк картасының, Электрондық әмиянның құпия ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізу, сондай-ақ оларды заңсыз пайдалану (тегін сапарлар және басқа да мақсаттар үшін теңгерімді пайдалану) үшін кінәлі тұлға қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады, сондай-ақ зардап шеккен тұлғаға пайдаланылған теңгерімді қайтарумен бірге 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді

10. Келісім-шарттың күшіне ену, бұзу, талаптарын өзгерту тәртібі

10.1. Осы Келісім-шарт бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) жарияланған немесе оны Қызмет көрсетушінің Сайтында орналастырған сәттен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес оны тоқтатқанға дейін әрекет етеді.

10.2. Осы Келісім-шарт жарияланған немесе орналастырылған сәттен бастап Клиент(тер) осы Келісім-шартта қарастырылған талаптарға бағынады.

10.3. Осы Келісім-шарт осы Келісім-шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы

10.4. Қызмет жеткізуші бір жақты тәртіпте осы Келісім-шартқа өзгерістерді және/немесе толықтыруларды осы Келісім-шарттың өзгертілген нұсқасын Қызмет жеткізушінің Сайтында орналастыру немесе БАҚ-та жариялау арқылы енгізе алады. Мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар Қызмет көрсетушінің Сайтында орналастырылған немесе БАҚ-та жарияланған сәттен бастап әрекет етеді.

11. Ерекше ережелер

11.1. Көлік картасын рәсімдеу кезінде Расталған Клиент төменде келесіге өз келісімін береді:

- осы Келісім-шарттың барлық талаптарына;
- Клиент туралы жеке деректерін жинау және өңдеу, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қызмет көрсетушіге және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына қажет болатын ақпаратты жинауға және өңдеуге;
- транзакцияларды аяқтау үшін және осы Келісім-шарттың аясында Клиентке қажетті жолды тіркеу және басқа да процесстеріне Innoforce systems Электрондық ақша Жүйесімен қатыстырылған үшінші тұлғаларды
- шоттарындағы Клиенттің электрондық ақшасын есепке алу үшін талап етілетін уақыт мерзіміне;
- оның атына фондық режимде Электрондық әмиянды немесе "фондық Электрондық әмиянды" (Innoforce systems электрондық ақша Жүйесіндегі жартылай белсенді әмиянды) жасауға, ондағы транзакция тарихын Клиент Жүйеге тіркелгеннен кейін ғана көре алады;
- Клиенттің жолды тіркеуге не өзге де қызметтерді төлеуге жіберген қаражаты аясында фонды Электрондық әмияндағы Электрондық ақшаны шығаруға және өтеуге.

11.2. Көлік картасына кепілдік мерзімі Көлік картасы бірінші рет іске қосылған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік жылды құрайды. Кепілдік мерзімі ішінде Қызмет көрсетуші Расталған Клиент Операторға қайтарған, онда механикалық, химиялық, радиациялық және өзге де физикалық әсерлердің іздері болмаған жағдайда жұмыс істемейтін Көлік картасын

ауыстыруды жүзеге асырады. Көлік картасын ауыстыру Оператордың Кеңсесінде жүзеге асырылады.

11.3. Клиент Көлік картасымен жол ақысын төлеу (тіркеу) кезінде Клиентке мобильді қолданбаның немесе стационарлық терминалдың экранында көрсетілетін Көлік картасындағы ақша қаражатының қалдығы (теңгерім) туралы ақпарат берілетініне;

- бірегей нөмірі бар Көлік картасын алуға және құпия ақпаратты, атап айтқанда өзінің Көлік картасының нөмірін үшінші тұлғаларға таратпауға келіседі.

11.4. Егер Бақылаушылар Расталмаған тұтынушыларға жеңілдіктері бар Көлік карталарын пайдалануды анықтаған жағдайда, сондай-ақ Көлік картасы тарифіне сәйкес келмеген немесе басқа ақау болған жағдайда, Бақылаушылар мұндай Көлік карталарын кері қайтарып алуға құқылы.

11.5. Көлік картасының құны жергілікті атқарушы/өкілді орган жолаушылардың тұрақты автомобиль тасымалдарына тариф өзгерген жағдайда және/немесе Көлік картасының өзіндік құны мүмкін.

11.6. Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Оларды реттеу мүмкін болмаған жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қызмет көрсетушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен реттеледі.

11.7. Осы Келісім-шартта көрініс таппаған барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11.8. Осы Келісім-шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Әрқелкі оқылған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

11.9. Егер осы Келісім-шарт талаптарының кез келгені осы немесе болашақта толық немесе бір бөлігінде заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын болып табылса, онда бұл талап осы Келісім-шарттың кез келген басқа талаптарының толық немесе бір бөлігінде заңдылығына, жарамдылығына және қолданылуына әсер етпейді.

12. Құпиялылық саясаты (Privacy Policy)

12.1. Осы "Avtobys" мобильді қолданбасының Құпиялылық саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қызмет көрсетуші осы қолданбаны пайдалану кезінде Клиент туралы ала алатын барлық ақпаратқа қатысты қолданылады. Мобильді қолданбаны пайдалану Клиенттің осы Саясатпен және онда көрсетілген оның жеке ақпаратын өңдеу талаптарымен сөзсіз келісімін білдіреді; осы талаптармен келіспеген жағдайда Клиент қолданбаны пайдаланудан бас тартуы тиіс.

12.2. «Avtobys» қолданбасы алатын және өндейтін Клиенттердің жеке ақпараты:

12.2.1. Клиенттің жеке ақпаратын қоса алғанда, тіркеу (есеп жазбасын жасау) кезінде немесе қолданбаны пайдалану барысында Клиент өзі туралы ұсынатын жеке ақпарат;

12.2.2. Құрылғыда орнатылған қолданбаның көмегімен Қызмет көрсетушіге автоматты түрде берілетін деректер, соның ішінде cookie ақпараты, клиент құрылғысы туралы ақпарат;

12.2.3. Қызмет көрсетуші Клиенттер ұсынатын жеке ақпараттың дұрыстығын тексермейді және олардың әрекет қабілеттілігін бақылауды жүзеге асырмайды. Алайда, Қызмет көрсетуші Клиенттерден алынған ақпараттың шынайы екендігін негізге алады және бұл ақпаратты өзекті күйінде сақтайды.

12.3. Қызмет көрсетуші Клиенттің жеке ақпаратын келесі мақсаттарда пайдалана алады:

12.3.1. Клиентті онымен жасалатын келісімдер аясында сәйкестендіру;

12.3.2. Клиентке дербестендірілген қызметтерді ұсыну;

12.3.3. Клиентпен байланыс, оның ішінде қызметтерді пайдалануға, қызмет көрсетуге қатысты хабарламалар, сауалдар мен ақпараттар жіберу, сондай-ақ клиенттен сұраныстар мен өтінімдерді өңдеу;

12.3.4. Қосымшаның сапасын, оны пайдаланудың қолайлылығын жақсарту, жаңа қызмет түрлерін дамыту;

12.5. ұлғайған жағдайда өзгертілуі

12.3.5. Иесізденген деректер негізінде статистикалық және өзге де зерттеулер жүргізу.

12.6. Клиенттердің жеке ақпаратын қорғау үшін қолданылатын шаралар:

12.4.1. Қызмет көрсетуші Клиенттің жеке ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ онымен үшінші тұлғалардың өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғауды ЖАТЭЖ кешенімен қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті техникалық шараларды қабылдайды.

12.5. Қызмет көрсетушінің осы Құпиялылық саясатына өзгерістер енгізуге құқығы бар. Өзекті редакцияда өзгерістер енгізілген кезде соңғы жаңарту күні көрсетіледі. Егер Саясаттың жаңа нұсқасында өзгеше көзделмесе, Саясаттың жаңа редакциясы орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Қолданыстағы редакция әрқашан <https://avtobys.kz/rules> адресі бойынша орналасқан

Тараптардың деректемелері

және қолтаңбалары

Қызмет көрсетуші:

Клиент: